



Егемен Қазақстан

Egemen.kz

Күре жол

Жол азабын шеккен білер

«Шырағым, баяғыда артта қалған 30 ауданның тізіміне осы қатар жатқан Амангелді, Жангелдин, Ырғыз аудандары кірген болатын. Және бұлардың барлығы ылғи қазақы жерлер. Ал олардың осылайша артта қалуларының бір негізі жолға келіп тіреледі. Жер мойыны қашық, ойқы-шойқы жолдан тиелген жүгі төгіліп-шашылып, эзер жететін шалғайдағы аймаққа кімнің итініп жеткісі келеді дейсің, одан да тақтайдай төселіп, заулаған жолы бар аудандарға барған тиімді емес пе?! Сонда да осы құйқалы жерлер елді асырады. 1980 жылдары бір ғана Жангелдин ауданында төскейге мал сыймай, шабындыққа жер жетпей, 35 мыңға дейін ірі қара, 9 мың жылқы, 600 мың қой бағылды. 65 мың қой бір Ақшығанақ ауылында болды. Бұл айтып отырғаным тек шаруашылықтардың ғана малы, ал жекенің қолындағысы қаншама еді. Оның сыртында астық өсірілді, алайда, бір де бір элеватор салынбай, біз өзге астықтың сапасын арттыруға қосатын жоғары сортты қатты бидайымызды сонау Арқалыққа тасыдық. Сонда 37 мың халқы бар Жангелдин ауданы артта қалғанның тізіміне жүрді, жолдың жоқтығы осы атырапты әбден қинап келеді, жол азабын тек шеккен біледі, ал басқалар үшін ол, бәлкім, айтылған сөз ғана шығар», – дейді көп жылдар ауданның ауыл шаруашылығы басқармасын басқарған еңбек ардагері Жұмақан Сәдуақасов.

Алысты жақындатар, ел байлығын еселетер

Жол тарихы тым әріде жатыр. Алғашында жаяу жүргінші салған соқпақ, аттылының ізіне жалғасып, одан аттылының соңына арбалы түсіп, соқпақтар – жолға, жолдар – даңғылға айналып, адамзат баласына қызмет етумен келеді. Жол тарихын көктей шолсаң, онда мәдениеттер тоғысуында, өркениеттер қатынасында, адамзаттық құндылықтар қалыптасуында жолдардың қаншалықты маңызға ие болғанын көреміз. Керуендерін жосылтып, сауда үшін алыс-алыс сапарға шығып, айшылық алыс жерлерге табаны тиген қарапайым саудагеркеруенші үшін жол қаншалықты маңыз атқарды десеңізші. Тіпті, қайсыбір мемлекеттердің тұралаған экономикасын көтеруге жолдардың тигізген әсері қаншама. Патшалы Ресей теміржол арқылы, ал фашистік Германия тасжол салумен әл-ауқатын нығайтып, әлсіздерді билегені әмбеге аян.

Торғай бойында да осыдан 200-250 жыл бұрындары шамасында «Сәтбай салған кара жол» атты Қостанай мен Жезқазған бағыттарына төтесінен салынған кара жол халыққа кешегі кеңестік дәуірдің өзінде қызмет етіп келген екен. Одан Ырғызға дейін патша өкіметінің поштасын таситын, әрбір 20 шақырымда бір ат ауыстыратын мекен орналасқан жол тарихы да шежіре білетін қариялардың көкірегінде сайрайды. Халық баған жол деп атайтын осы жолдардың сілемін бүгінгі ХХІ ғасырдың адамдары пайдаланып жүргені бір жағынан қызық көрінері анық. Дегенмен, осының өзі бұл атыраптың жол азабын тартып жүргенінің айқын мысалы.

Ардагер айтса айтқандай, кеңестік кезеңде артта қалған аудандар қатарында болып, күні бүгінге дейін жол азабын шегіп жүрген жоғарыда айтылған аудандар тұрғындарының Астана мен Бейнеуді жалғайтын Орталық – Батыс жолы біздің аудандар арқылы өтеді деп елеңдеп отырғаны анық. Оған арнайы Арқалық – Амангелді – Торғай – Ырғыз бағытымен жүріп өткен іссапарда әбден көзіміз жетті.

«Менің баламның көліктерге техникалық көмек көрсететін стансасы бар. Жол картасы бойынша кредит алып ашқан болатын,– дейді жангелдиндік азамат Марат Қылышбеков. – Күнделікті Даниярымнан естіп-білемін және өзім де байқаймын, балама еш дамыл жоқ, сырттан келген көлік жаман жолдан қай бөлшегінің қай жерде түсіп қалғанын білмей шашылып, Торғайға жылап келеді. Қосалқы бөлшек ауыстырудан Қазақстанда, әй қайдам, осы алдыңғы орында шығармыз. Өйткені, сонау 1970 жылдары салынған жол түпкілікті бір рет те жөнделген жоқ, жамау-жамау, ол қырық құрақ кейін төмпешіктерге айналды. Сондай төмпешікті айналып өтемін деп жүргенде биыл жаз өрімдей үш жас қыз-жігіт жол апатынан қаза тапты. Ішінде бүкіл ел болашағынан үміт күтіп отырған, елдің мәдениеті мен әдебиетіне үлес қосады деп үкілеп отырған, жанып тұрған жас талант қызымыз Арайлым Тойшыбекова кетті. Жанармай проблемасы да Торғайда өте өткір тұрған мәселе. «ҚазМұнайГаз», «Гелиос» сынды үлкен компанияларды Торғай еш қызықтырмайды. Тұйыққа келіп, станса салудың экономикалық тиімділігі жоқтығынан бұл іспен тек шағын бизнес өкілдері ғана айналысады. Қасықтап тасығанның берекесі болған ба, әрі оның бағасы да жоғары. Бәріміздің үмітіміз осы салынады дейтін жаңа жолда. Биыл жаз бір шаруалармен Маңғыстауға баруға тура келді. Айналып екі жарым тәулік жүрдік, жол ашылса қандай үнем, Сыр бойы да қол созымдай болып жақындар еді. Ырғыздан әрі «Батыс Қытай–Батыс Еуропа» жолы түскен екен, қандай тамаша, заулап тұр. Ал әзірге біз ондай жолды тек түсімізде көреміз».

«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының хатшысы Рәуіл Ахметжанов халықтың осы жолға қатысты көңілдерінде көп сауал барлығын ортаға салды. «Біздің ауыл негізінен мал шаруашылығымен айналысады. Халық, шынын айтқанда, малымен күн көреді. Бірақ, жақын маңайда не тері өңдейтін, не жүнді қабылдайтын бір орын жоқ, күзде маңай шашылмасын деп, қолғап, шұлық тоқығаннан артығын өртейміз. Ірі қара терісін сырттан саудагерлер алады, ал қой терісін ит тартып жатыр», – деп шағым айтты. Шынында, осы жол тауқыметінің ауырлығынан осы жерде атқаруға болатын біраз іс қаңтарулы тұр. Әйтпесе, елден шығып, үлкен кәсіпкер атанып жүрген азаматтардың заманға лайықты жабдықтармен қамтылған өңдеу орындарын салуы әбден мүмкін. Ал Торғайға келген әрбір жан жол қиындығынан тосылады.

Кәсіпкер Талғат Мырзағалиев мемлекеттен бөлінген бағдарламалар бойынша табысты еңбек етіп, мал өсірумен айналысады екен. «2011 жылы «Сыбаға» бағдарламасымен ірі қараны асылдандыруға кіріскенбіз, одан биыл балам жеке шаруашылық құрып, сүт өңдейтін цех ашып, жаз айларында халыққа ірімшік түрлерін, сары май, қаймақ, сүзбе, сүт, құрт сатумен айналысты. Күзде тоқтатты, өйткені, біздің сиырлар сүтті емес, етті тұқым. Енді кредит алып, сүтті тұқымды қолға алсам деген ойы бар. Өзіміз үшін аздап қой ұстаймыз, ал бірақ осы қойдың етінен басқа кәсіпкерге түсіретін еш пайдасы жоқ. Жүні өтпейді, терісі ол қалады, қолыңдағы 500-600 бас қойды жылына екі рет қырқасың, ал өтпегеннен кейін ол атқарған жұмысың тек көрген бейнетің ғана болып қалады. Бұрын келісін 10 теңгеден алатын, қазір ол да жоқ. Сосын ірі қара

баққан жанның жағдайы жақсы, әрі сиыр көпке дейін қолға қарамай, қопаның ішінде жайылатындықтан отбасымыз болып шаруаның осы түрін қолай көріп отырмыз. Қолымыздан мал бағу да, оны өңдеу де келеді, бірақ осы жолдың жоқтығы адымыңды аштырмайды. Егер ұзына түсіп, көкжиекке дейін көсілген күре жолдың бойында тұрсақ, тынысымыз ашыла түсер еді. Тіпті, баламыз екеуміз жол бойынан дәмханалар ашып тастап, өз өнімдерімізді сатып отырсақ та қаншама адамға жұмыс тауып берер едік», – дейді Талғат мырза.

Жангелдин ауданының әкімі Асқарбек Кенжеғарин бізбен әңгімесін:

«Өзіңіз де Торғайға дейін жолдың ауырлығының дәмін татқан шығарсыз, – деп бастап, – біздің аудан, облыс орталығынан 565 шақырым, ең жақын деген қала – Арқалықтан 300 шақырым жерде жатыр, – деп жалғаған. – Осы жер шалғайлығымен жолдың жоқтығы біраз іске үлкен қолбайлау. Қысқа жіптей күрмеуге келтірмей, аяғымызды тұсап тастайды. Біздің кәсіпкерлер үшін кредит алу да қиямет қайым дүние. Себебі, кепілдік құны өте жоғары, оған қоса, кепілге қоятын мүлік те арзан бағаланады. Сондықтан аудан тұрғындары кәсіпкерлікті дамытуда осындай кедергілерге жиі ұшырайды. Қазір жұртшылық жол келіп қалады деп кәдімгідей елендеп отыр. Жол келсе, кәсіп ашамыз, жол бойындағы жүргіншілерге қызмет көрсетеміз деп құлшынып отырғандар қатары жеткілікті».

Біз жолықтырған жас кәсіпкер Азамат Қабжанов әкімнің сөзін толығымен қуаттады. Оның әкесі Балғабай Қабжанов кіндік қаны осы өлкеде тамған азамат. Ақмола облысының Жарқайың ауданында егінмен айналысатын шаруашылығы бар Балғабай ұлы Азаматты туған жерге қарай бағыттап, «Елдің арасында жұмыс істе, еңбегінді сіңір, үйге де, елге де жасаған көмегің болады, шаруашылықтың басы-қасында өзің бол», деп ата кәсіппен айналысатын «Азамат» ШҚ-ның тізгінін қолына ұстатыпты. «Астанада оқыдым ғой, сонда жер-жерден келген достарым менің Торғайдан екенімді білгенде көздері жанып, тарихи жерді барып көрсек дейтін. Сонда оларға бізге жету үшін жол азабын тартуға тура келеді дейтінмін. Шынында, жол торғайлықтарды титықтатып бітті. Біздің қожалық аудан орталығынан біраз жер, шама келгенше жұмыс істейтін адамдардың жағдайын жасауға тырысамыз. Яғни, үй салып, суларын ішке кіргізіп, соғымдарын сойып, отын-суы мен жемшөбін де түсіріп береміз. Тіпті, осында жұмыс істегісі келетіндерге көмек болсын деп 300-400 мың теңге көлемінде қосымша қаражат та береміз. Келіп жұмыс істейтіндер үшін арнайы қонақүй де салып қойдық. Бірақ, митындап жететін жолы бар жерге олардың тұрақтағылары келмейді. Ал жол өтсе, оның бойына қымызхана, кемпинг, дәмхана тұрғызып, елге де, өзімізге де пайда әкелер едік. Шетелдерде жолдарды өте тиімді пайдаланады, логистикалық орталықтардың тасымалдамайтын дүниесі жоқ, біз өзіміздің сапалы, экологиялық тұрғыда таза мал өнімдерімізді шетелдерге шығарсақ қандай ғанибет. Өйткені, қазір Еуропа тұрғындары қоршаған ортаның ластануымен күресіп, өнімдердің экологиялық таза ауылдық жерлерде өндірілгенін қалайды. Сол тұрғыда біздің ісіміздің тұтас мемлекет үшін маңызы бар», – дейді Азамат Қабжанов.

Торғайда ауылдастары үшін қала үйлеріндегідей қолайлы жағдай туғызып отырған бір «Азамат» ШҚ емес, сол қожалықпен көршілес Манат Кәрбозовтың «Сыма» ШҚ-ының да істері көңіл сүйсінтерлік екен. Қаладағыдай сыңғырлаған үйлерде тұратын ауылдықтардың үйлеріне су кіріп тұр. Су ысытатын арнайы қондырғы қойып, ваннасын да орнатып алған үйлер ұядай. Биыл жаз екі жас отбасына арнап ваннасы мен туалетіне дейін бар 3 бөлмелі екі үйді қожалықтың есебінен салып беріпті.

«Бір жол бар – жақын, жақын да болса алыс»

Сужарғанның әкімі Әмір Қонысбаев бізбен әңгімесінде бір торғайлық ақсақал осы өңірдің тумасы, қоғам қайраткері Кенжеғали Сағадиевке: «Осы біздің Шақшақ Жәнібек бабамыз Қостанайдың орманды көкке оранған, ағашы аспанға шаншылған құйқалы жерін емес, осы Торғайды несіне таңдады деп ойлайсыз?» – деген сұрақ қойыпты. Кенжекеңнің: «Мен жөппелдемеде жауап таба алмай, «бабамыз кең болған ғой» деп едім, бірақ кейін

ойласам, сол ғасырларда алты ай кәрлі қысы болатын Қостанай жағынан малға ең жайлысы – Тосын, Айыркұм, Аққұм, Қошалағың екен», – дегені бар. Расында, Торғай – төрт түліктің қай-қайсысын да молынан өсіретін жер. Сиыры да, қойы да, жылқысы да құм арасында көпке дейін тебіндеп, өздері жайылады және құмның шөбін жеген малдың етінің дәмі өзгеше болады. Таңдайына бір тиген жан аңсайды да отырады делінетіндей Ақшығанақ ауылы орын тепкен жер осы Тосынның дәл іргесінде жатыр. Шіркін, Тосын! Малға жайлылығы сондай, бір кісі күпірлік болса да «Тосында жүріп адам Құдайдан қорқа ма екен», деген Тосын қазір тусырап жатыр. Жол жоқтығы мұнда да басты проблема. Бұрынғыдай құмның ішін қоныстаған малшылар жоқтың қасы. Бірақ, тіршілігін істеп, еңбектен қашпаған ауылдың түтіні түзу. Осындағы 18 шаруа қожалығының 4-еуі бақша өсірумен айналысыпты. Ақшығанақтық Бауыржан Шалдыбаев, Бақыт Әбдіғалиев, Бәйкен Ғазезов, Қойшыбай Нұржанов сынды азаматтар екен картоп аудан орталығындағы нарықтың бағасынан да арзанға сатылған.

«Торғайдың төсіне жарқырата таққан алқасы – Тосын құмы кешегі ызғын елді аңсап, сағынып жатқандай. Төріме келіп қоныстанған жанға құт емес пе ем, жабағылы жас тайлақ жардай атан болатын, жатып қалған бір тоқты жайылып мың қой болатын, түгін тартсаң майы шығатын, қоныстанған адамның күйі болатын, қыдырып келген қонақтың жайы болатын берекелі Сар тосын болашақта құлазып, орғыл-орғыл құмдары мал тұяғын аңсайтын, тораңғы мен аршасы, жидесінің тоғайы жалғызсырап қалар ма, деп қамыққанымен, ертеңгі күнге үміт артып, ертеңінен әлдебір жақсылықты күткендей ме қалай?! Тосыннан қимастық сезіммен қол бұлғап, елді ұмытпай келіп-кетіп тұрындар. Астанаға айта бар, жолымыз дұрысталса, елдің құтын қашырмай, ырысын шалқытып, берекесін арттырып отырамыз, деген ағайын сөзінің шашауын шығармай қағазға түсірдім» деп жазған едік осыдан бірер жыл бұрын «Тосын» атты мақалада. Дәл сол жолғыдай Тосынға тағы да қол бұлғап, Шақшақ Жәнібек ауылының әкімі Бақытжан Қонысбекұлы, Торғай музейлер кешенінің директоры Гүлбану Сәрсекеева бар «Нива» көлігіне отырып, қазақша айтсаң, бір бие сауымдық уақытта жететін Ақтөбе облысының Ырғыз ауданына қарасты Мамыр ауылына бет алдық. «Бір жол бар – жақын, жақын да болса алыс» дегеннің кері осы ма дерсің. Небәрі 45 шақырым жер қашықтап кеткендей. Патша тұсындағы пошта тасыған жолдың ізі қайдан оңсын. Ішек-құрылысың біресе оңға, біресе солға қозғалып, әуірімдеп әрең жеткен ауылдың да тіршілігі бар секілді. Нұра ауылдық округіне қарасты бұл бөлімшенің үйлері тіп-тік, көшелері таза, ал адамдары ше?! Танысын-танымасын бала-шағасына дейін көліктен түсіп жатқан бізбен амандасқанына қарап, далада өскен арда қазақтың қалыбының бұзылмай, бүгінге жетіп отырғанына риза боласың.

Айнұр Қыстаубаева Мамырдағы мектептің директоры және аудандық мәслихаттың депутаты екен. «Осындағы 36 түгін үшін бүгінгі таңдағы ең басты проблема жол екенін айтқан Айнұр егер мәселе шешілсе, айналасы өзенкөлге толы аймақтың тіптен құлпырып кететінін көлденең тартты. Бұрындары осы шалғайда жатқан ауылдан өзге жерлерге көшу өте көп болатын, қазір жұрт өз тіршілігін жүргізуге бейімделіп, тұрақталып болды, жастарымыз да қалаларға кетпей, туған ауылда еңбек етсем дейді. Халық қазір Астана мен түбекті жал ғайтын жолға үлкен үміт артып отыр. Осы мәселе жайында баспасөзде бірдеңе жазылса, ауылдың үлкен, кішісі бір-біріне жаңалық етіп айтып, іздеп, тауып алып көріп, талқылап жатамыз. Ауылымыз тоғыз жолдың торабында тұрса елдің әлеуметтік жағдайы жақсара түсетіні анық», – деген мектеп директорымен қоштасып, Нұраны бетке алдық.

Шынымен, Торғай мен Ырғыз өзендерінің қос қапталы шаруашылыққа өте қолайлы. Оның үстіне көлдері мол бұл жерлердің балығы мен аң-құсы, жайқалған құрағы мен кісі бойынан асатын қалың қамысы өзекті талдырмайтыны анық.

Нұра ауылы Ақтөбе қаласынан 510 шақырым жерде жатыр. Жанбыр жауса, қар ерісе, Нұрамен байланыс кесіліп, ауыл адамдары өздерін аралда қалғандай сезінеді екен. Оның үстіне, өзендерден өтерде атам заманда жасалған ескі көпірлерден, өткелдерден өту

де оңай емес көрінеді. Округтің әкімі Жолаушыбай Төле байұлы бізге келетін тауарлардың бағасы өсіп кетеді, мысалы, қазір көмірдің бір тоннасы 18 мың теңгеден шығып тұр. Сырттың жүк көлік тері келмейді, бармаймыз, жолдарыңыз жа ман деп кесіп айтады, дейді.

Ырыздығын Ырғыздан тергендер

Ырғыз, Торғай, Өлкейек өзендерін ырғыздықтарға Жаратушының сыйлаған тамаша тартуы дерсің! Қолына ау ұстап балық ауласа да, мал бақса да берекесін келтіретін, ырыздығын еселейтін өзен-көлдерге ырғыздықтардың ықыластары да ерекше. Екі жерден – Кожа мен Қылдың бойынан бөгет салып, көлдерін шүпілдетіп толтырып қойыпты. Суға молыққан жер, әрине, кенезесі кепкен өлкедей емес, ерекше құлпырады. Күз түсіп, жер реңі өзгергеніне қарамастан, биік-биік бетегелі белден боз, шалғынды жерлердің жазда көркі қандай екенін көзіңізге елестетуге болғандай.

Жақында 175 жылдығын атап өткен Ырғыздың тынысы кең көрінеді. 22 шақырым жерден «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» тасжолына жақындаған аудан халқы енді Астанамен арадағы жол жақсарады, ұрымтал тұстан оңтайы келгенде шимайлаулы жатқан көп істің күрмеуі оңай тарқатылады деп білектерін сыбанып-ақ отыр.

Алдында, Астанадан аттанбай тұрып, осы жол мәселесін жобалаудың басы-қасында жүрген азаматтармен кездескенде, өзіңіз де көрер сіз, егер жол мәселесімен жүр едім десе ңіз, Ырғыздың кішкентай баласына дейін алдыңызға түсіп, іздеген адамыңызды тауып бере ді деген болатын, өтірігі жоқ, рас сөз екен. «Шырағым, әдейі Астанадан осы жол үшін жүр екенсің, ырғыздықтар жолға қарап елеңдеп отыр, жеріміз киелі, топырағымыз құнарлы, аруақты бабалардың жалғасы адамдарымыз ақпейіл, Ыбырай Алтынсарин Торғайдан кейін мектеп ашып, білімнің отын жаққан қасиетті мекеннің халқынан сәлемімізді жеткізетін ел газеті «Егеменге» рахмет, жол қажет, жол – тіршілік, жол – жаңа тыныс. Күтіп жатырмыз, жол ашылған күнді көруге жазсын», – дейді ырғыздықтар.

Анар ТӨЛЕУХАНҚЫЗЫ
АСТАНА – ТОРҒАЙ – ЫРҒЫЗ – АСТАНА.